

Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 17-03/362 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 17 тамызда № 7851 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 21 мамырдағы № 107 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 21.05.2024 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы

1-тармағының 36) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2015 № 18-03/1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы аумағында шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (Е.Н. Нысанбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оны ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2012 жылғы 16 шілдедегі
№ 17-03/362 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында
шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі
қағида

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықшылық аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағида (бұдан әрі – Қағида) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 36) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықшылық аңшылықты ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2015 № 18-03/1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аңшылық шаруашылығы субъектілері – бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда аңшылық шаруашылығын жүргізетін жеке немесе заңды тұлғалар;

2) бонитировка (бағалау) – аңшылық алқаптардың тұрпаттарын бөлу және олардың өнімділігін айқындау;

3) жануарлардың оңтайлы тығыздығы – алқаптардың өнімділігі барынша толық пайдаланылатын, жануарлар өздерінің қысқы азық базасын бүлдірмейтін әрі орман және ауыл шаруашылығына елеулі зиян келтірмейтін жануарлар саны;

4) камералдық өңдеу – дайындық және далалық кезеңдерде жиналған шаруашылықшылық аңшылықты ұйымдастыру материалдары мен деректерін өңдеу;

5) ревизиялық кезең – шаруашылықшылық аңшылықты ұйымдастыру материалдары бойынша Аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспары әзірленетін мерзім;

6) шаруашылықшылық аңшылықты орналастыру объектісі – аңшылық шаруашылығы субъектілеріне бекітіліп берілген аңшылық алқаптары.

3. Шаруашылықшылық аңшылықты ұйымдастырудың міндеттері:

1) аңшылық алқаптарды түгендеу;

2) бонитировка (бағалау);

3) аңшылық алқаптардың табиғи және экономикалық жағдайларын зерттеу;

4) жануарларды есепке алу;

5) биотехникалық және пайдалану іс-шараларын жобалау болып табылады.

4. Шаруашылықшылық аңшылықты ұйымдастыру осы Қағиданың

3-тармағында көрсетілген міндеттерге сәйкес аңшылық шаруашылығы субъектілерінің білікті мамандарымен, керек болған жағдайда аңшылықты орналастыру мамандарының тартылуымен жүзеге асырылады.

5. Шаруашылықшылық аңшылықты ұйымдастыру материалдары бойынша аңшылық шаруашылығы субъектісі 10 (он) жылға немесе аңшылық шаруашылығын жүргізу шартының жасалу мерзіміне белгіленетін ревизиялық кезеңге арналған Аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспарын әзірлейді.

6. Шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастырудың толық циклі объектінің күрделілігіне байланысты 18-24 айда жүзеге асырылады және үш кезеңнен – дайындық, далалық және камеральдық кезеңдерден тұрады.

Дайындық кезеңі бірінші жылдың басынан наурыз айына дейін орындалады.

Далалық кезеңнің ұзақтығын аңшылық шаруашылығы субъектісі белгілейді және бірінші жылдың толық далалық маусымын және екінші жылдың кем дегенде 6 (алты) айын қамтиды.

Камеральдық өңдеу бірінші жылдың қысқы кезеңінде және толық емес екінші жылы жүргізіледі.

7. Шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру нысаналы мақсаты бойынша бастапқы және қайталама шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру болып бөлінеді. Шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру, орман орналастыру, жерге орналастыру, статистикалық есепке алу материалдары, сондай-ақ зоология, ботаника, география, климатология бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыруды жүргізуге негіз болып табылады.

8. Бастапқы шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру бұдан бұрын шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастырумен қамтылмаған аңшылық шаруашылықтары аумақтарында жүргізіледі. Бастапқы шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыруда осы Қағидада айқындалған толық жұмыс кешені жүргізіледі.

9. Қайталама шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру бұдан бұрын ұйымдастырылған аңшылық шаруашылықтарында оларда ревизиялық кезең аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Қайталама шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыруда осының алдындағы шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру материалдары толық пайдаланылады.

Қайталама шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыруды жүргізу кезінде:

- 1) аңшылық алқаптар түрлерінің қазіргі учаскелерінің пішінін сақтау;
- 2) өзгерістерге ұшыраған аңшылық алқаптары түрлерінің учаскелерін көзбен шолып қарап шығу керек.

10. Шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру жұмыстары іздестіру жұмыстарының көлеміне, аңшылық алқаптардың құндылығына және аңшылық шаруашылығының санатына байланысты төрт разряд бойынша жүргізіледі.

Шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру бойынша мына жерлерде жұмыстар жүргізу ұсынылады:

- 1) 1-разряд бойынша – заңнамаға сәйкес шектеулі шаруашылық қызмет, оның ішінде аң аулау мен балық аулау рұқсат етілетін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және бірінші санатқа жататын аңшылық шаруашылықтарда;

- 2) 2-разряд бойынша – екінші санатқа жататын аңшылық шаруашылықтарда;
- 3) 3-разряд бойынша – үшінші санатқа жататын аңшылық шаруашылықтарда;
- 4) 4-разряд бойынша – төртінші және бесінші санаттарға жататын аңшылық шаруашылықтарда.

11. Шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру бойынша жұмыстар разрядын таңдауды аңшылық шаруашылығының субъектісі айқындайды.

2. Аңшылық алқаптарды түгендеу

12. Шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыруды жүргізу кезіндегі түгендеу:

- 1) аңшылық шаруашылықтарының шекарасы мен санаттарын нақтылауды;
- 2) қорықшы айналмаларын анықтауды;
- 3) аңшылық алқаптардың тұрпаттарын нақтылауды;
- 4) аң аулауды жүргізуге бөлінген квоталарды игеру мөлшері мен дәрежесін анықтауды көздейді.

3. Бонитировка

13. Шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру кезеңі аңшылық алқаптардың тұрпаттарын (типтерін), олардың мөлшері мен өнімділігін анықтау болып табылады. Аңшылық алқаптардың тұрпаты аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың белгілі бір түрлері мекендейтін немесе мекендеуі мүмкін аңшылық шаруашылығы нышандарының ортақтығымен сипатталатын алқаптардың ірі учаскелерін біріктіреді. Алқаптар тұрпаттарының әрқайсысына фаунаның белгілі бір құрамы мен тығыздығы да, биотехникалық іс-шаралардың ортақтығы да сәйкес келеді. Аңшылық алқаптарды бөлудің толымдылығы үшін аймақталу мен өсімдіктер түрлерін ескеру керек.

Алқаптардың әртүрлі тұрпаттары ландшафтардың аймақтары мен түрлерінің жағдайлары бойынша былай бөлінеді: шөлдер (сазды, құмды); жартылай шөлейт; құрғақ дала; дала; орманды дала; орман (жазық, таулы); субальпілік аймақ; альпілік аймақ; сулы-батпақты алқаптар.

Басым өсімдіктер ескеріліп, табиғи-аумақтық кешендер бөліп алынады (қылқан жапырақты орман, жапырақты орман, аралас орман, жайылма орман, тоғайлы орман, даланың, жартылай шөлейттің, шөлдің, су айдындарының және басқалардың өсімдіктер қауымдастықтары).

Орман көмкерген жерлерде аңшылық алқаптардың тұрпаттарын бөліп алуға екпе құрайтын тұқымдылар құрамы негіз болып табылады:

қылқан жапырақты орман - құрамында 3 бірлікке дейін жапырақты тұқым болуы мүмкін;

жапырақты орман - құрамында 3 бірлікке дейін қылқан жапырақты тұқым болуы мүмкін;

аралас орман - құрамында 3-тен 5 бірлікке дейін екінші дәрежелі тұқым болуы мүмкін;

жайылма орман, тоғайлы орман – ағаш тұқымдары құрамының араласып кетуіне қарамастан өзен жайылмаларындағы ормандар.

Орман дақылдары үшін жобаланған жинақталмаған орман дақылдары, ағашы кесілген жерлер, селдір ормандар және алаңқайлар аңшылық алқаптар тұрпатына – орманға (қылқан жапырақты, жапырақты, жайылмалы, тоғайлы) жатады.

Бұталарға қопасы жеке тұрпатқа – аршалықтарға бөлінетін жайылма аршаны қоспағанда, бұта қопаларының барлық түрлері жатады.

Ормансыз жерлер бойынша ауылшаруашылық дақылдарының себілуі; егістіктер бойынша – ауыспалы егістің түрі, егістікті қорғайтын екпелердің, бақтардың болуы; жайылымдар бойынша – жайылатын малдың сипаттамасы (таулы далалы және басқалар) және саны, шөп басудың тұрпаты және бас сауғалайтын жерлердің болуы; шабындық жерлер бойынша - пішен шабудың сипаттамасы мен өсімдіктердің өсуі, көгалдар үшін – батпақтану, су айдындары үшін – бұталы және сулы-батпақты өсімдіктердің өсуі есепке алынады.

Сулы-батпақты жерлер бойынша шөп басудың тегі, сипаттамасы және тұрпаты – қопалы, жиекті, тік, ескі арналы және батпақты болуы, жер бедері мен жағалаудың топырағы, судың ағуы және басқа су көздерімен байланыс, су беті деңгейінің құбылуы, су айдынының тереңдігі, судың бетіндегі және астындағы өсімдіктер, оның су айдыны бойынша бөлінуі, қалыңдығы және басқалар ескеріледі.

Аңшылық алқаптардың басқа тұрпаттары бойынша да барлық тән ерекшеліктер көрсетіледі.

14. Аңшылық алқаптарды тұрпаттарға бөлу аңшылық шаруашылығының аңшылық алқаптарын жүйелеудің негізі болып табылады. Аңшылық алқаптарды тұрпаттарға бөлудің екі түрлі тәсілі бар: орман көмкерген және орман көмкермеген.

15. Орман көмкерген аңшылық алқаптар үшін оларды тұрпаттарға бөлу мына нышандар бойынша жүргізіледі: орман құрайтын тұқымдылардың құрамы; өсу жағдайлары мен орны; сүректердің жасы мен жуандығы .

Сүректің құрамы бойынша орман көмкерген аңшылық алқаптар қылқан жапырақты және жапырақты болып бөлінеді. Алқаптардың тұрпаттарына ағаш тұқымдарының басым құрамы бар (қайыңдар, қарағайлар, сексеуілдер және басқа) орманды жерлер бөлінеді. Осындай тұрпаттар тұрпаттар топтарына (қайың-қарағай, қарағай-самырсын және басқалар) бірігуі мүмкін.

Орман екпелері жасына қарай мынадай үш топқа бөлінеді:

жас екпелер – 20 жасқа дейін;
орта жастағы екпелер – 20 жастан 40 жасқа дейін;
кәрі екпелер – 40 жастан жоғары.

Сүрекдіңнің жуандығын орманның жинақталуы айқындайды. Осы нышан бойынша орман екпелерінің тұрпаттары қалың және сирек болып бөлінеді.

Орманның өсу орнының жағдайлары тік аймақталумен айқындалады. Орманды жерлер осы нышан бойынша тау және жазық ормандары болып бөлінеді. Сондай-ақ мекендеу орнының жағдайларына топырақтың құнарлылығы мен ылғалдылығын жатқызу қажет.

16. Орман көмкермеген аңшылық алқаптарды тұрпаттарға бөлу ірі табиғи кешендер бөлу негізінде жүзеге асырылады, ал оларға жануарлардың тіршілік әрекетінің құрамдас бөлігі болып табылатын топырақ құрамының, өсімдіктердің, климаттың және басқа да табиғи компоненттердің өзара байланысы ұйытқы болады.

17. Егер аңшылық алқаптардың көлемі аңшылық шаруашылығына қолайлы жалпы көлемнің 1 % кем болса және сипаттамалары бойынша жақын тұрпатпен бірігуге тиіс болса, оларды жекелеген тұрпаттарға бөлудің қажеті жоқ.

4. Аңшылық алқаптардың табиғи және экономикалық жағдайларын зерттеу

18. Аңшылық алқаптардың табиғи жағдайларын зерттеу мыналарды қарастырады:

- 1) аңшылық шаруашылығы орналасқан аумақтың ауа райын;
- 2) рельефін, топырағын, гидрографиясы мен гидрологиясын;
- 3) орман өсімдіктерінің жағдайы және аңшылық шаруашылығы аумағында өсетін ағаш-бұталар мен шөп басқан өсімдіктердің орман таксациялық мінездемесін, аңшылық алқаптарының өсімдіктер ресурстарының азықтық бағалылығын анықтау.

19. Аңшылық шаруашылығы орналасқан аудандағы экономиканың негізгі бағыттары мыналарды көздейді:

- 1) аса маңызды өнеркәсіп орындары және өнеркәсіптің дамуы;
- 2) орман шаруашылығы кәсіпорындары, олардың қызметінің қысқаша сипаттамасы;
- 3) орман қоры алқаптарының орташа шығымдылығы;
- 4) орман мекемелерінің алқаптар мен жанама пайдалану ресурстарын пайдалануы;
- 5) ауыл шаруашылығы, оның бағыты;
- 6) жер қорының сипаттамасы;
- 7) негізгі ауылшаруашылық жұмыстарын өткізу мерзімдері;
- 8) ауыл шаруашылығы алқаптарының орташа шығымдылығы;

9) экономика салаларының аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің мекендеу жағдайларына, санына және көбеюіне әсер етуі;

10) көлік жолдарының болуы және сипаттамасы, олардың аңшылық шаруашылығының шаруашылық қызметіндегі, маусымдар бойынша аңшылық алқапқа адамдардың келуін қамтамасыз етудегі рөлі.

20. Аңшылық алқаптардың өнімділігі олардың сапасын (құндылығын) бағалау өлшемі болып табылады. Аңшылық алқаптардың өнімділігі биологиялық және экономикалық өнімділік болып бөлінеді.

21. Аңшылық алқаптардың биологиялық өнімділігі жануарлардың мекендеу жағдайларына байланысты жануарлар дүниесінің өнімін алу мүмкіндігін айқындайды және өсімін молайтуға әсер ететін лимиттеуші факторлар ұғымымен : табиғи өлім-жітіммен; оңтайлы санымен және басқа да экологиялық факторлармен тығыз байланысты. Аңшылық алқаптардың биологиялық өнімділігінің өлшемі жануарлар санының белгілі бір уақыт аралығында өсуі болып табылады.

22. Аңшылық алқаптардың экономикалық өнімділігі аңшылық шаруашылығын рентабельді жүргізу мүмкіндігін айқындайды және ол биологиялық өнімділікке қана емес, сонымен бірге алынған өнім мен қызметтерді өткізу мүмкіндігіне де байланысты болады.

23. Аңшылық алқаптардың биологиялық өнімділігі абсолюттік бірліктермен (жануарлар саны) және салыстырмалы бірліктермен (бонитеттерде – жақсы, орташа, нашар) бағаланады.

24. Аңшылық алқаптардың экономикалық өнімділігі ақша бірліктерімен бағаланады және қызметтер мен рекреацияны қоса алғанда, аңшылық шаруашылығы өнімінің жиынтық құн бағасы болып табылады.

5. Жануарларды есепке алу

25. Жобаланып отырған кезеңге арналған жануарлар санының есептемесі мен болжамы "Аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 18-2/501 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11551 болып тіркелген), және "Қазақстан Республикасы аумағында жануарлар түрлерін есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 25-03-01/82 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7492 болып тіркелген).

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2015 № 18-03/1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Орман екпелеріне, мәдени дақылдар егісіне, мал шаруашылығында, омарташылыққа зиян келуіне жол бермеу және жануарлар келтіретін нұқсанды барынша азайту үшін алқаптардың оңтайлы және шаруашылық тұрғысынан жол берілетін сиымдылықтары мен жануарлардың оңтайлы тығыздығы айқындалады.

27. Аңшылық шаруашылығының оңтайлы сиымдылығын есептеу үшін түрдің мекендеуіне жарамды 1000 гектар алқапқа аңшылық фаунаның негізгі түрлерінің оңтайлы тығыздығы анықталады.

28. Өсімнен басқа алып қою көлемі аңшылық шаруашылығының міндеттерімен айқындалады. Оңтайлы санға қол жеткізу қажет болған жағдайда алып қою берілген санды алғанға дейінгі кезеңге төмендетіледі. Оңтайлы саннан асып кеткен жағдайда алуды көбейту қажет.

6. Биотехникалық және пайдалану іс-шараларын жобалау

29. Биотехникалық және пайдалану іс-шараларын жобалау:

1) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі іс-шараларды, биотехникалық және пайдалану іс-шараларын жоспарлауды;

2) жануарлар дүниесінің өсімін молайту жөнінде іс-шараларды мен биотехникалық іс-шаралар жүргізуді;

3) тексеру кезеңінің соңғы 5 (бес) жылында аңшылық шаруашылығы орындаған биотехникалық, аңшылық шаруашылығы және пайдалану іс-шараларының түрлерін, көлемін;

4) аңшылық шаруашылығы объектілерін салу үшін орындар жобалауды көздейді.

30. Аңшылық шаруашылығының сиымдылығын анықтау кезінде қыс мезгілінде алқаптың азықтық қасиеттерін арттыратын биотехникалық іс-шараларды, сондай-ақ орманды жерлердің шетіне жақын маңдағы ауыл шаруашылығы дақылдарының (күздік) егістіктерін есепке алу керек.

7. Қорытынды ережелер

31. Шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру жұмыстары үш кезең бойынша орындалады: дайындық, далалық және камералдық жұмыстар. Оларды жүргізу кезінде:

1) дайындық жұмыстары кезінде:

картографиялық материалдардың сан алуан түрлерін сатып алу;

аңшылық шаруашылығының шекарасын нақтылау және аңшылық шаруашылығы туралы мәліметтер жинау;

аңшылық шаруашылығы аумағының қорықшы учаскелеріне бөлінуін нақтылау;

аңшылық алқаптардың тұрпаттары бойынша аңшылық шаруашылығының жер көлемін алдын-ала бөлу, оларды бояу;

шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру және жүргізу бойынша басқа да мәселелерді шешу;

2) далалық жұмыстар кезінде:

аңшылық шаруашылығының аумағын ұйымдастыру;

аңшылық алқаптардың тұрпаттары бойынша аңшылық шаруашылығының аумағын сипаттау және бөлу мен оларды түгендеу;

аңшылық фаунаның санын есепке алу, сондай-ақ сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің түрлік құрамын анықтау;

шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру жобасына түсіндірме жазба жазу үшін материалдар жинау;

бастапқы шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыруда да, қайталама шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыруда да аңшылық шаруашылығының шаруашылық қызметін талдау;

3) камералдық жұмыстар кезінде:

жоспарлау-картографиялық материалдар жасау;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану бойынша қажетті негіздемелері мен есеп-қисабы бар материалдарды толық камералдық өңдеу;

аңшылық алқаптардың өнімділігін анықтау;

осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес алдағы ревизиялық кезеңге жобаланып отырған іс-шаралары мен аңшылық шаруашылығының өткен 5 (бес) жылғы шаруашылық қызметінің талдауы бар Аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспарының жобасына түсіндірме жазба жазу орындалады.

32. Аңшылық алқаптардың типологиясы мен биотехникалық іс-шаралар жоспарларын жасаудың ерекшеліктері:

1) типология мен биотехникалық іс-шаралар жоспарлары аңшылық шаруашылығының жер көлеміне және шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру жұмыстарының қабылданған разрядына байланысты аңшылық шаруашылығының аумағына 1:100000 немесе 1:200000 масштабында тұтас жасалады. Жоспарлар жасауға тақырыптық карталардың: топографиялық, топырақтық, геоботаникалық, ландшафтық карталар сериялары, сондай-ақ қолда бар немесе сатып алынған басқа да жоспарлау-картографиялық материалдар негіз болады;

2) аңшылық алқаптар тұрпаттарының жоспарларында аңшылық алқаптар шекарасы арнайы түспен боялады (алқаптардың әрбір тұрпаты бояу түсімен ерекшеленеді) және алқаптардың сыныбы мен тұрпаты көрсетіледі;

3) биотехникалық іс-шаралар жоспарларында жобаланып отырған (қызыл) және қазіргі (қара түспен) биотехникалық аңшылық шаруашылығы іс-шаралары, аңшылық шаруашылығы аумағын ұйымдастыру мен фаунаны қорғау жөніндегі құрылыстар шартты белгілермен безендіріледі.

33. Географиялық ақпарат жүйесінің технологияларын

(бұдан әрі – ГАЖ – технология) қолданып сызба-карта дайындау ерекшеліктері.

Сызба-карта шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру объектісіне (аңшылық шаруашылығы) 1:100000 масштабında тұтас жасалады.

Алқаптар тұрпаттары бойынша учаскелерді бөліп көрсету үшін табиғи ортаның жекелеген компоненттеріне (топографиялық, ландшафтық, топырақтық, геоботаникалық (өсімдік) деректердің арнайы базалары пайдаланылады.

ГАЖ-технологиялардың көмегімен және ұштастырылған деректерді көзбен шолып талдау арқылы аңшылық алқаптардың тұрпаттары бөліп көрсетілген кестелік және мәтіндік материалдарды қамтитын картографиялық негіз жасалады

Сызба-картаға шартты белгілермен топографиялық жүктеменің барлық элементтері, аңшылық шаруашылығының құрылымы – аңшылық шаруашылығының, орманшылықтардың, қорықшы айналмаларының, өсімін молайту учаскелерінің шекаралары безендіріледі.

Сызба-картаға координаттары жазылған километрлік географиялық бағандар, әскери және өнеркәсіптік мақсаттағы объектілер, қатынас жолдар бойындағы құрылыстар және ашық баспасөзде жариялауға тыйым салынған басқа да объектілер көрсетілмейді.

34. Шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру карталары осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес шартты белгілермен ресімделеді.

35. Аңшылық шаруашылығының субъектісі жануарлардың өсімін молайту учаскелерінің, қорықшы айналмаларының шекарасын, аншлаптар, көрсеткіш бағандар орнату, кірме жолдар, көпірлер, айлақтар, төсемелер, күркелер, бақылау мұнаралары және селекциялық мақсатта атып алу орындарын, аңшылық базаларды, аялдау бекеттерін, суаттарды, жануарларды ұстай тұратын қоршауды басқа да объектілерді айқындайды. Барлық іс-шаралар типология мен бонитировка ведомосына енгізіледі. Аңшылық алқаптар жоспарында объектілер шартты белгілермен:

жобаланып жатқандары - қызыл түспен;

барлары - қара түспен боялады.

36. Алқаптардың өнімділігі мен жануарлар олжалауды ұлғайту, аналық басты сақтау және дер кезінде олардың өсімін молайту үшін аңшылық шаруашылығының аумағы пайдалану және өсімін молайту учаскелеріне бөлінеді.

Өсімін молайту учаскелеріне аңшылық шаруашылығы алқабының кемінде 10 -15% бөлінеді. Бұл учаскелер көрші алқаптардағы фаунаның басын толықтыратын аңдардың табиғи мекендеу орны болып табылады.

Аңшылық шаруашылығының шекарасы, өсімін молайту учаскелері, айналмалар, аң аулауға тыйым салынған жерлер жайында, аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін қорғау жайында халық пен аңшыларды хабардар ету үшін көрсетілген объектілердің шекарасын белгілеп қою және көрнекі орындарға ақпараттық паннолар мен аншлагтар (шекараларда, жол қиылыстарында, кордондар, жақын маңдағы елді мекендер қасында) орнату керек.

Аңшылық шаруашылығын қорықшы айналмаларына бөлуді жобалау кезінде айналмалар шекарасының жергілікті жерлерде нақты белгіленуі қажет.

37. Аңшылық алқаптар бойынша боялған жоспардың, типология ведомосының аңшылық алқаптардың барынша көп мөлшерін қарап көру және камеральдық кезеңде оларды пішіндеудің дұрыстығын нақтылау мақсатында қаз-қалпында тұрған күйінде бағдарлы байқап зерттеу жүргізіледі, бұл орайда өсіп тұрған шағын тоғайлар, жас ағаштар, азықтық шөптер, су айдындары, аңшылық алқаптардың ерекшеліктері қосымша сипатталады. Алқаптарға қойылатын орман өсіру, ауыл шаруашылығы және аңшылық шаруашылығы талаптарының арасында тәуелділік белгіленеді. Аңшылық шаруашылығын жүргізуді қандай түрлерге бағдарлау қажеттігі және нақты осы жағдайларда жануарлар санының өсуін қандай факторлар тежеп отырғаны айқындалады, бұл орайда осы факторлардың әсер ету дәрежесі және қандай алқаптар тұрпаттарында олардың әсері айқын байқалатыны көрсетіледі.

38. Босалқы жер қорының және басқа жер пайдаланушылардың (мемлекеттік орман қорынан басқа) жерлерінде жұмыстар жүргізу кезінде сипаттау мына деректерді қамтиды:

1) алқаптардың сипаттамалары беріліп, оларды қаз-қалпында түгендеу жерге орналастыру материалдары пайдаланылып жүргізіледі;

2) ұйымдастырылған аңшылық алқаптар типология және бонитировка ведомосына енгізіліп, содан соң оларды бонитировкалау (бағалау) жүргізіледі;

3) сипатталған аңшылық алқаптар қызыл түспен пішінделеді және белгіленеді

Аңшылық алқаптарды нақтылау және келісу кезінде бағдарлы жүрістің ұзындығы шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру жұмыстарының күрделілігі мен қиындығына байланысты қабылданады.

39. Далалық шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу процесінде аңшылық шаруашылығының субъектісі Жоспарды әзірлеу мақсатында өткізіп, мына мәселелерді шешу үшін мәліметтер жинайды:

1) аңшылық шаруашылығының шекарасы мен санатын нақтылау, аңшылық шаруашылығының аумағына кіретін орман қоры жерлерінің шекарасын белгілеу;

2) мына мәселелер бойынша мәліметтер мен ағымдағы ақпарат жинау:

аңшылық шаруашылығының даму және оны ұйымдастыру тарихы туралы;

көлік жолдары мен олардың сипаттамалары және оларды аңшылық шаруашылығы мақсаттары үшін пайдалану мүмкіндігі туралы;

аңшылық шаруашылығы орналасқан аумақтың климаты, оның жануарлар дүниесіне әсері туралы;

рельефі, топырағы, гидрографиясы, гидрологиясы туралы, олардың жануарлар дүниесінің тіршілік ету қабілетіне әсер ету ерекшеліктерін зерделеу;

орман өсімдіктерінің жағдайлары және аңшылық шаруашылығының аумағында өсетін ағаш-бұта және шөптесін өсімдіктердің орман бағалау сипаттамасы, аңшылық шаруашылығы аумағының алқаптардың санаттары, жас сыныптары шегінде басым тұқымдылар бойынша бөлінуі туралы;

аңшылық шаруашылығын жүргізу және дамыту мақсаттарында орман, ауыл шаруашылығы және сулы-батпақты алқаптардың бағыты мен пайдаланылуы туралы;

аңшылық шаруашылығының аумағы шегінде ауданның экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, аңшылық шаруашылығына іргелес аумақтарда басқа аңшылық шаруашылықтары мен аңшылықты пайдаланушылардың болуы туралы ;

аңшылық объектісі болып табылатын жануарлардың негізгі түрлері;

аңшылық шаруашылығында жабайы аң-құстың мекендеуі үшін азықтық және қорғаныштық жағдайларды жақсартуға бағытталған биотехникалық іс-шаралар келісіледі (қорғаныштық ремиздер, азықтық егістіктер құру үшін екпелер құрамына әртүрлі бұта және ағаш тұқымдарын енгізу);

астаулар орнату, үстеп азықтандыру алаңқайларын, тұз жалау орындарын, суаттар, малтатастар, ұшып-қонатын орындар, бақылау мен селекциялық мақсатта атып алу үшін мұнаралар салу орындарын келісу;

жануарларды жерсіндіру мүмкіндігі;

биотехникалық іс-шараларға жұмсалатын шығындар (жылдық есептерден соңғы 5 (бес) жылда), 1 басқа азық дайындау нормалары мен үстеп азықтандыру кезеңінің орташа ұзақтығы келісіледі;

селекциялық іріктеу бойынша аңшылық шаруашылығында жүргізілген жұмыстар;

аңшылық шаруашылығы аумағында 5 (бес) жыл ішінде жануарлардың нақты атып алынуы (жылдық есептер);

жануарлар өнімінің құны (ет, тері бағалары: жылдық есептерден алынған сатып алу және өткізу бағалары);

қолданылатын аңшылық тәсілдері (аң аулауды ұйымдастыру);

жануарлардың ауыл шаруашылығы жерлерін бүлдіруі туралы материалдар жинау және орман шаруашылығына келтірілген шығын (5 (бес) жылда алқабы мен ақшасы (теңгемен) көрсетілген актілерден көшірме);

аңшылық шаруашылығы аумағында тіркелген (бес жылда) браконьерлік түрлері;

жыртқыштардың аңшылық фаунасына келтіретін зияны;

браконьерлікпен күрес, аңшылық шаруашылығы аумағында зиянды жыртқыштарды, қаңғыбас иттерді, мысықтарды қырып-жою (соңғы 5 (бес) жылда);

аңшылық шаруашылығында аңшылық базалардың, аялдау бекеттерінің, мұнаралардың, соқпақтардың, жолдардың, кордондардың және басқа құрылыстардың болуы;

аңшылық шаруашылығына келген аңшылар саны;

аңшылық шаруашылығы аумағының қорықшы айналмаларына, орман айналмаларына және шеберлік учаскелеріне бөлінуі;

аңшылық шаруашылығы аумағында мекендейтін жануарлар түрлерінің тізбесі және олардың жылдар бойынша саны (аңшылық шаруашылығының жылдық есептерінің соңғы 5 (бес) жылы);

аңшылық шаруашылығы аумағында жануарлардың тіркелген аурулары туралы анықтамалар, жануарлардың аштықтан, су тасқынынан, қалың қар қабатынан, жыртқыштардан және басқа да себептерден өлім-жітімге ұшырау оқиғалары (аңшылық шаруашылығының жылдық есептерінен, қоса берілетін сою актілерінен және басқа құжаттардан алынады);

жануарлардың негізгі түрлерінің биологиясы мен көбеюі бойынша, таралымдар құрылымы, табиғи өлімі, жылдық өсімі туралы, таралымдардың жыныстық ара-қатынасы мен жас құрамы туралы деректер жинау (материал сауалнама әдісімен және есепке алу кезінде жиналады);

аңшылық шаруашылығы аумағында өсімін молайту учаскелерінің орналасуы;

аңшылық шаруашылығының тұрақты жұмысшылар кадрлары, мамандар жөніндегі қажеттілігі мен олармен қамтамасыз етілу дәрежесі;

аңшылық шаруашылығының штаты және оның жасақталуы;

тұрғын үймен, қарумен, рациялармен, дүрбілермен, көлікпен қамтамасыз етілуі;

аңшылық шаруашылығын ұстау шығындары, оның ішінде жалақы, көлік, биотехникалық жұмыстар, құрал-саймандар сатып алу және басқа да шығын түрлері;

аңшылық шаруашылығының фауна қорларын пайдаланудан, қонақүйлер ұстаудан, аңшыларға қызмет көрсетуден және жолдамалар құнынан табатын табыстары;

жануарлар үшін азықтық және қорғаныштық маңызы бар ағаш-бұта ағаштары мен шөптесін өсімдіктердің тізбесі;

аңшылық шаруашылығының азықтық және қорғаныштық ремиздерінде, алаңқайларында өсіруге болатын дәнді дақылдар, тамыртүйнекті жемістер және басқа да өсімдіктердің тізбесі, сондай-ақ аңшылық шаруашылығында өсіру қажет өсімдіктер тізбесі;

табиғи азықтық және қорғаныштық жағдайларды арттыру мақсатында екпелерді ықтимал биотехникалық қайта жаңарту туралы мәліметтер;

аңшылық шаруашылығында жабайы аң-құс өсірудің болашағы, аңшылық шаруашылығында аттар мен аңшылық иттердің болуы.

40. Камералдық жұмыстар біткеннен кейін аңшылық шаруашылығы субъектілері аңшылық шаруашылығының межелік бағандарын орнатады және осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нұсқа бойынша Межелік бағандарды орнату мен тапсыру жөнінде актілейді.

41. Өткізілген шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру нәтижелері бойынша жасалған Аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспары аңшылық шаруашылығын жүргізуге, жануарлар дүниесінің санын реттеуге, аңшылық шаруашылығында аңшылық шаруашылығы бағытындағы басқа да мәселелерді шешуге арналған негізгі шаруашылық-ұйымдастыру құжаты болып табылады.

Қазақстан Республикасы
аумағында шаруашылық ішілік
аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі
қағидасына 1-қосымша

Аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспарына түсіндірме жазбаның құрылымы

1-тарау. Аңшылық шаруашылығы аумағының, табиғи-климаттық жағдайларының және аңшылық фаунасының сипаттамасы

1. Аңшылық шаруашылығының орналасқан жері және алқабы

Аңшылық шаруашылығының құрылымы

Әкімшілік ауданның атауы	Аумағында шаруашылық орналасқан жер пайдаланушылардың атауы	Алаңы, гектар
1	2	3

Ескертпе:

Аңшылық шаруашылығының атауы мен орналасқан жері, аумағында аңшылық шаруашылығы орналасқан әкімшілік аудандар, жер пайдаланушылар.

Аңшылық шаруашылығының жалпы жер көлемі, кеңсесі орналасқан жер және пошталық мекен-жайы.

Жазбахат мәтініне сызба-карта:

негізгі топографиялық жүктеме, межелік нүктелер мен олардың координаттары бар аңшылық шаруашылығының шекаралары көрсетілген аңшылық шаруашылығы орналасқан аумақтың сызба-картасы орналастырылады.

2. Аңшылық шаруашылығын ұйымдастыру

Өткізілген шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастырудың сипаттамасы

№	Көрсеткіштер	шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру разрядтары				Барлығы
		1	2	3	4	
1	Шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру алаңы, га					
2	Аңшылық алқаптардың типі, дана					
3	Азықтық қорға қойылған алаңқайлар, дана					
4	Жануарлардың белгілі бір санына қойылған сынақ алаңдары, дана					
5	және т.б.					

Ескертпе:

Аңшылық шаруашылығын ұйымдастыру туралы қысқаша мәліметтер. Бұдан бұрынғы шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру кезінде орындалған шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру жұмыстарының көлемі мен сипаты. Шекаралар мен алқаптардың өзгеруі, осы өзгерістердің негіздемесі. Шекараның сипаттамасы. Бірінші және одан кейінгі өткізілген шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру өткізілген жылдар, материалдардың болуы және сақталуы.

Осы шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру туралы мәліметтер: шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру жылы, шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыруды өткізген ұйым, шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастырудың жер көлемі мен разрядтары, аңшылық объектісі болып табылатын жануарлар түрлерінің азықтық базасының қорлары мен санын анықтауға бөлінген сынақ алқаптарының саны. Жоспарлы материалдарды құруға арналған картографиялық негіз, қолданылған нормативтік-анықтамалық, нұсқаулық-әдістемелік жобалық материалдар.

Орындалған жұмыс түрлерінің деректері элементтер бойынша қабылдау-тапсыру актісінде келтіріледі.

3. Аңшылық шаруашылығының табиғи-климаттық және гидрологиялық жағдайлары

Климаттық көрсеткіштер

Метеостанция мәліметтері бойынша климаттық көрсеткіштер

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Мағынасы	Уақыты
1	А у а н ы ң температурасы:	градус		
2	орташа жылдық	-*-		-
3	ең жоғарғы шектік	-*-		-
4	ең төменгі шектік	-*-		-
5	1 ж ы л ғ ы жауын-шашын мөлшері	миллиметр		-
6	Өсу мерзімінің ұзақтығы	Күн		-
7	Көктемдегі соңғы суық	уақыты	-	
8	Күзгі алғашқы суық	-*-	-	
9	Су тоғандарының орташа қату уақыты	-*-	-	
10	Су тасқынының орташа уақыты	-*-	-	
11	М ұ з жамылғысының қалыңдығы	миллиметр		-
12	Қар жамылғысы:			
13	қуаты	миллиметр		-
14	пайда болу уақыты	уақыты	-	
15	ормандағы кету уақыты	-*-	-	
16	ашық жерлердегі кету уақыты	-*-	-	

17	Бұршақ ұру жағдайының саны	жағдай		-
18	Топырақтың қату тереңдігі	миллиметр		-
19	Қатты желдің аймақтар бойынша бағыты			
20	қыс	румб		-
21	көктем	_*_		-
22	жаз	_*_		-
24	күз	_*_		-
24	Қатты желдің маусым бойынша орташа жылдамдығы			
25	қыс	метр/секунд		-
26	көктем	_*_		-
27	жаз	_*_		-
28	күз	_*_		-
29	Ауаның қалыпты ылғалдылығы	%		-

Ескертпе:

Табиғи және орман өсірушілік аудандастыру. Табиғи және орман өсіру жағдайларының, жер бедерінің, оның сипатының, сиректену дәрежесінің, беткейдің құламасының қысқаша суреттемесі.

Климаттық көрсеткіштер:

